

**Көсембай негізгі мектебі**

**Кітапханашы:Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы**

**Күні:27.01.2023 ж**

**Тақырыбы:Ғасыр адамы.**

**Жалпы мақсаты:** Оқушыларға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы мәлімет беру, өмірі атқарған қызметтері туралы ақпарат беру.

**Дерек көзі:**интернет материалдары, слайд, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атты кітабы,

**Іс -шара нәтижесі:**Танымал тұлғаның өмір жолымен танысу арқылы болашаққа бағдар жасай алады. Өзін-өзі жетілдіреді.

**Негізгі идеялар:**Танымдарын кеңейту.

**Жоспары: 1.** «Мен табынар ұлы есім»

2. Дінмұхамед -Ұлы тұлға ардақты,  
Дінмұхамед – бар асылдан салмақты. (Өмірбаяны)
3. Дінмұхамед – күллі әлемге танылған,  
Кісіліктің шамшырағы жан -жақты.
4. Дінмұхамед замандан биік тұр,  
Даналығы мәңгілікке сыйып тұр.
5. Қасиетті ұл, қабырғалы еліне,  
Шыққан күнмен шапағатын құйып тұр.

**Оқушылар мен «Мен табынар ұлы есім...» тренинг.**

Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Ал қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл -парасатымен дараланған ұлы адам өмір сүрді. Ол -Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Биыл кемеңгердің тулығына 111 жыл. Дана халықтың дара перзенті, иісі алаштың пір тұтар тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы облысы Балқаш ауданында дүниеге келген. Көзінің тірісінде -ақ әулие атанған Димаш атамыз Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алмай тұрған кезінде елімізді басқарған -ел үшін туған ер еді.

***Экраннан Д.А.Қонаевтың өмірі мен қызметіне арналған бейнеролик көрсетіледі.***

***Бейнероликтен алған әсерлерін сұрап пікірлесу.***

«Қонаев – ұлттың Ары мен намысы! Қонаев -ұлттың рухы мен Иманы! Қонаев – қазақтың Қанағат мектебі, Адалдықтың өлшемі» деп Темірше Сарыбайұлы биік баға берген екен.

Дінмұхамед Қонаев тірісінде «Пайғамбар» атанған ұлы тұлға. Ол кісінің бойында көп адамның бойынан көріне бермейтін рухани -адамгершілік қасиеттер көп болған. Димаш атамыздың 10 қасиеті мен қызықты деректерге кезек берейік.

- 1- қасиеті:**Димаш ата, жаратылысынан көрікті, бойшаң жүзінен нұр төгіліп тұратын иманжүзді кісі.
- 2- қасиеті:**өзіне айтылған сөздің бәрін терең түсінетін және істің жай -жағдайына сәйкес жан -жақты тез ұғып алатын аса зерек жан болатын.
- 3- қасиеті:**Ол өзі жүрген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, еш нәрсені ұмытпайтын адам болған.

- 4- **қасиеті:** Дінмұхамед Қонаев терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан -анық етіп бере алатын шебер әрі шешен болған.
- 5- **қасиеті:** Димаш атамыз ғылым - білім мен өнерге жаны құштар, күн сайын оқып үйренуден шаршап -шалдықпайтын адам болған.
- 6- **қасиеті:** тағамға, ішімдікке, сауық -сайранға келгенде қанағатшылық болған.
- 7- **қасиеті:** Дінмұхамед Қонаев жаратылысынан сауық, құмарлықтан аулақ болған. Демалысын таза ауада серуендеп, аңшылық, мергендік өнермен айналысқан.
- 8- **қасиеті:** кемеңгер Қонаев шындықты сүйіп, жалғандыққа қарсы тұруды жөн көрген. Димаш ата ешқашан өтірік айтпаған.

9- **қасиеті:** жаны асқақ және ар- намысын аса ардақтайтын адам.

10-**қасиеті:** өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер -шешімпаздық танытып, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бірбеткей, батыл, ержүрек болған.

\* Дінмұхамед Қонаев -КСРО -да ең үлкен саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ;

\* Бойы -198 см, аяқ киімі өлшемі 46 болған;

\*Ауданы 200 шаршы метр болатын шағын пәтерінде (қазір мұражай) 24 жыл өмір сүрген.

\*Академик шені үшін 340 рубльдік төлемақыдан бас тартқан

\*Қонаевтың жеке көлік жүргізушісі де, күзетішілері де болмаған;

\*Хоббиі: қару -жарақ коллекциялау, аңшылық;

\*Қазақстанда Қонаев атауы берілген 1 қала мен 1 канал бар.

\*Қонаев Қазақстанды жиырма жеті жыл бойы басқарған.

Көз суғарып таулардың тұлғасына,

Дінмұхамед деп жазам жыр басына.

Жыр басына жазбайын неге, ағайын,

Мұндасыма айналса, сырласыма?!

Қаламымды малып ап жыр жазамын,

Димаш деген бұлақтың тұнбасына.

Димаш десем, жанарым нұрға толған,

Сауыт кеудем патша өлең, жырға толған – деп дана халықтың дара перзенті, иісі алаштың пір тұтар тұлғасына арнаған жырлар мен әндер өте көп.

Дінмұхамед Қонаевтың рухына арналған әндердің бірі мен бірегейі «Жетісу» тобының орындауындағы «**Ғасыр адам**» әнің тыңдап көрейік.

Сөзі:

Әні:

4-5 сынып оқушылары Лұқпан Сисекеұлының «**Дінмұхамед Қонаевтың рухына**» өлеңін оқиды.

**Дінмұхамед Қонаевтың рухына.**

Даналықпен серік қылып пәк арды,

Заманының қайсар өжет адамы.

Қызыл тұман құрсауында адаспай,

Жасай білдің болашаққа қадамды.

Жетсе дағы талайларға әмірің,

Мандай термен өтті мәнді ғұмырың. **Нұртас**  
Бар тілегің елің болып жүректе,  
Гүлденгенін көрсем деумен төріңнен!  
Әділдіксіз қай мекенге құт қонбақ,  
Шашылмадың жалған сөйлеп көпті алдап.  
Қиналғанға қолдың ұшын бердің сен,  
Жығылғанды сүйей білдің қос қолдап. **Інжу**  
Асқақ оймен келе біліп тоқтамға,  
Берілмедің даңғойлықпен мақтанға.  
От жаныңның бар жалынын арнадың  
Азаттығын аңсап күткен Отанға!  
Дүние қуып алтын таққа таянбай,  
Халқың үшін қызмет қылдың аянбай. **Бектас**  
Көз жіберіп қарапайым жандарға,  
Пана болып алынбайтын қамалдай.  
Іштей тұнып мақсат толы арманың,  
Ақиқатты жан тәнімен қолдадың.  
Жоғалтпауға имандықты төріңнен,  
Айнымадың ақ жолынан Алланың! **Ақбота**  
Арды сүйдің сүйгеніндей аңды,  
Сүйдің байтақ шетсіз -шексіз даланды.  
Содан таптың үмітіңнің жарығын,  
Сол емдеді жандағы дерт жаранды.  
Ойлар кешсең бабалардың дауысы,  
Шар болаттай қайрап бойда намысты. **Жанагүл**  
Ел ішіне жоламасқа дүрдараз,  
Айырмалдың бабам өткен жолдардан.  
Ақтасам -деп, нар халқыңның сенімін,  
Ізгіліктің соқтың тынбай көрігін,  
Іздерінде имандықтың гүлдері.  
Ұрпағына үлгі болар ерлігің! **Әбілмансұр**  
Ел қамымен күндіз- түні көз ілмей,  
Көш бастадың қиындыққа дес бермей.  
Сен соқтырдың бесжылдықтар балғасын,  
Кең даламда тау жаңғырып көшкендей.  
Асу бермес сан қырларда тоң тіліп,  
Қанжығасын милирад пұтқа толтырып.  
Танытқансың қазағымды әлемге,  
Омырауына көктен жұлдыз тақтырып! **Гүлсая**  
Негіз қылып Фарабидің ілімін,  
Өрге тартып өнер менен ғылымын.  
Мұқтар менен Қаныштарды Ұлы ғып,  
Кең әлемге Абай жолын сый қылдың. **Миржан.**  
Түсінгенге өмір қысқа көрген түс,

Мәнді қылар ізгілікпен ұлы күш.  
Адамзатқа даналықпен ой салған,  
Және қойдың ұлы Абайға ескерткіш!  
Зиялылар ұлттың туы қашанда,  
Онсыз қоғам алға сірә басарма.  
Қамқорлардың талабына нұр жауар  
Қалмас үшін күңгірт тартып тасада. **Жанерке**  
Жатқа соқтың Жұбан ақын жырларын,  
Мен Қазақ -деп, поэзия бағында!  
Шындықты айтып шыға білген уәдеден,  
Ұмытпастан ұстазынды дем берген.  
Қия баспай қиыстырдың қиынды,  
Шаяхмет Жұмабайдың үнімен.  
Өн бойында жатқан ғажап ұлылық,  
Ақиқаттан аттамадың пір тұтып.  
Ұлттық рухта сына қаға білдің сен,  
Жұлдыздардай төгіп елге жылулық! **Мархаббат**  
Ата жұрттың болып берік тірегің,  
Не көрсен де елмен бірге түледің.  
Заманыңның болдың адал перзенті,  
Ақыл ойдан терең салған түренін.  
Өкпе артпай қысымы мол заманға,  
Күйінбестен жоққа мынау жалғанда.  
Кір іздеген тырнағыңның астынан,  
Жабыққанды білдірместен жаманға,  
Қанағатпен бағалаумен барынды,  
Құлаш ұрдың ел аңсаған арманға. **Аңсар**  
Көрген жоқсың билік үшін қалтырап,  
Әділдікпен ашық күндей жарқырап.  
Жүре білдің иілмей де бүгілмей,  
Тірлігіңнің берген сыйын артып ап.  
Өзің барда құшағы сыр ақтарған,  
Өндіріске өріс берген көп қалам.  
Қарағандым көмірімен от жағып,  
Қара маржан ақтарылды Ақтаудан. **Бектас**  
Жырлай берсем ұшан -теңіз еңбегің,  
Жалғасындай жалын өрген терменің.  
Халық өзі мақтан тұтқан қашанда,  
Қорған болған Алатаудай перзентін!  
Атыңды атап әнге қосып шаттанып  
Ерлігіңді өрлігіңді жаттатып.  
Жеңісің боп қарсы тұрған өлімге,  
Үлкен бақыт ие болу сенімге. **Нұртас.**  
Болғандықтан жаның таза кіршіксіз,

Ұлы атандың өзің туған елінде!  
Жалын атып жас керуен көшінің,  
Бір кездері сәні болып кешінің.  
Ақ тілекпен ақ батаңды беріп ең,  
Болашақтың айқара ашып есігін.  
Сол ақындар жастық өтіп от тайған,  
Бұл күндері жас ұлғайып қартайған.  
Еске алады көздеріне жас алып,  
Дауысынды естігендей қайтадан! **Гүлсая**  
Қуат алып сусындатып қайнарым,  
Халқың сүйді бір бөлісіп ойларын.  
Озбыр күштер тудырғанда ашу  
Желтоқсанның жалауына айналдың!  
Ойнаса да Ресейден жалын бұлт,  
Ереуілге шықты халқың ағылып.  
Талап етіп еркіндігін, теңдігін,  
Ұлтын сүйген өз көсемін сағынып  
Жатса дағы әскер жауып жаныштап,  
Есімінді ұран қылып дауыстап. **Ақбота**  
Жас ұрпағың көрсете алды ерлігін,  
Ел бастаған көрсете алды ерлігің  
Ел бастаған ұлы адамға осы бақ!  
Көзі тіріңде бағаласа ән қылып.  
Жүргендейсің бұл күнде де көз ілмей,  
Ақиқаттың алтын шамын жандырып.  
Қаның тулап бар жүректе тамырда,  
Сыр шертесің рухыңмен халқына. **Інжу**  
Сақтандырып сатқындықтан ездiктен,  
Адалдықтың күйiн шертiп шалқыма.  
Ұғынсын деп, елдiкпенен ер жайын,  
Елеместен жолдың алыс шалғайын.  
Кең Жылойдан немеремдi жетектеп,  
Келем саған бас иiуге жыл сайын! **Әбiлмансұр**

**Нарша Қашағанұлы:** Дiнмұхамед -Қонаевтың жай аты,

Шын аты оның Мейiрiм мен Даналық -деп баға берген

Димаш атамыздың атынан нақыл сөздерi қалған екен.

**Нақыл сөздерiн оқытып мағынасын аштыру.**

- Жастық шақ қанатты жайып салу үшiн емес, ұшу, жұмыс iстеу, жұмыс iстеу, жұмыс iстеу үшiн берiлген.
- Өмiрдiң екi тiрегi бар: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.
- Сыпайылық кiшiлiктен ғана емес, кiсiлiктен де туады.
- Адамға жазаның ең үлкенi – жұмыссыз қалдыру.
- Қиянаттан асқан қылмыс болмайды.

- Жалпы, жар таңдау, үй болу -есі дұрыс адамға бірақ -ақ рет берілетін бақыт. Ол бақытты баянды ету біздің өзімізге байланысты. Өмірге сергек қарау осы отбасынан, оның түгін түтетері - сүйген жарыңды сыйлаудан басталады.

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам -елі іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де -қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панам да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»- деген Дінмұхамед Қонаев атамыз өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті 1993 жылы тамыздың 22 -інде, 82 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Таудың ұлы өссе егер тауға қарап,  
Қазақ жасы Димашқа қарап өскен.  
Күллі әлемде елу жыл ел ағасы,  
Болған бар ма Димаштай ер данасы.  
Кеме ұшырып ғарышқа жол ашқалы,  
Одан, сірә, басшының жоқ асқаны.  
Биігінен Димаштың тұғырлы елім,  
Биік болса алаштың көк аспаны!

Осындай құрметке бөлеп кеткен Димаш атамызға біз мың да бір тағзым етіп, аруағы алдында бас июге тиіспіз. Халқының қадірін білген елі мен жерін сүйген, сол үшін ғұмыр сүрген адам халық жадында мәңгі қалады.

